

БЕКІТЕМІН

«ІТ және жаңа технологиялар
жоғары колледжі» КМҚК
директоры
Ш.К.Кумашева



Старостат туралы Ереже

Семей

стр. 1 из 4

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Старосталар кеңесі (бұдан әрі – Старостат) колледж студенттері арасында үлгерім, қатысу және жалпы оқу тәртібін жақсарту мақсатында құрылған тұрақты жұмыс істейтін студенттік өзін-өзі басқару органы болып табылады.

1.2. Старостаттың жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында ол тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасарымен, оқу топтарының кураторларымен және күндізгі бөлім меңгерушілерімен өзара әрекеттеседі.

1.3. Старостат өз қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясын, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдарын, ҚР Әкімшілік кодексін, білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламаларын, жастар саясаты мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, колледж Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.4. Староста болуға және сайлануға, сондай-ақ Старостат құрамына енуге күндізгі оқу нысанындағы барлық студенттердің жынысына, жасына, әлеуметтік жағдайына немесе басқа белгілеріне қарамастан тең құқығы бар.

1.5. Старостат заңды тұлға болып табылмайды. Сондай-ақ Старостат колледждің құрылымдық бөлімшесі болып саналмайды.

1.6. Старостат құзыреті шеңберінде қабылданған шешімдер колледждің күндізгі бөліміндегі барлық студенттерге таралады.

II. НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Старостаттың негізгі мақсаттары:

- Оқу үдерісі барысында студенттердің үлгерімін, сабаққа қатысуын және тәртібін жақсарту;
- Студенттік өзін-өзі басқарудың түрлі нысандарына тарту арқылы студенттердің жеке тәртібін, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Студенттердің белсенді азаматтық көзқарасын қалыптастыру және оқу барысында туындайтын мәселелерді шешудің жобалық тәсілдерін меңгеру;
- Білім беру үдерісінің сапасын басқаруға студенттердің қатысу құқықтарын жүзеге асыру тетігін қамтамасыз ету;
- Бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған колледж студенттерін біріктіру.

2.2. Старостаттың негізгі міндеттері:

- Қазіргі заманғы кәсіби білім мен дағдылар алуға студенттердің қызығушылығын арттыру, қатысуын жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- Оқу үдерісі мен тәрбие жұмысына байланысты колледж әкімшілігінің бастамаларын студенттерге жеткізу;
- Корпоративтік құндылықтарды, өзара түсіністік, құрмет пен қолдау рухын қалыптастыру;
- Студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және олардың колледж алдындағы міндеттерін толық орындауына жәрдемдесу;
- Бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселелерін шешуге студенттерді тарту;
- Колледж әкімшілігіне білім беру, ғылыми және тәрбие жұмыстары бойынша көмек көрсету;
- Студенттер мен әкімшілік арасындағы ақпарат алмасуды ұйымдастыру.

III. НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

3.1. Старостат өз қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- **Оқу бағыты:** оқу топтарының кураторларымен бірлесе отырып, студенттердің үлгерімі мен білім сапасын арттыруға ықпал ету;
- **Тәртіп бағыты:** тәрбие бөлімі және кураторлармен бірлесе отырып, студенттердің сабаққа қатысуын жақсарту және ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз ету;
- **Тәрбие бағыты:** тәрбие бөлімімен бірге студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту.

IV. ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4.1. Старостат құрамына кіреді:

- Тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;
- Оқу топтарының старосталары.

4.2. Барлық Старостат мүшелері отырыстарға тең құқықпен қатысады және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бір дауысқа ие.

4.3. Мәселелер бойынша шешімдер ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Старостат төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4.4. Старостат отырысы оның мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан жағдайда өткізілген деп есептеледі.

4.5. Отырыстар хаттамаға жазылады. Хаттамада қабылданған шешімдер көрсетіледі.

4.6. Старостат төрағасы екінші және үшінші курс старосталары арасынан 1 жыл мерзімге ашық тікелей дауыс беру арқылы сайланады. Көп дауыс жинаған кандидат сайланды деп есептеледі.

4.7. Старостат төрағасы оқу топтарының старосталарының және жалпы Старостаттың қызметін басқарады.

4.8. Старостат төрағасының тапсырмалары Старостат шешімдеріне қайшы келмеген жағдайда барлық мүшелер үшін міндетті болып табылады.

4.9. Оқу тобының старостасы топ студенттері арасынан ашық тікелей дауыс беру арқылы сайланады. Отырыс студенттердің кемінде жартысы қатысқан жағдайда заңды деп есептеледі.

4.10. Старостаның тапсырмалары топ студенттері үшін міндетті, егер олар Старостат шешімдеріне қайшы келмесе.

4.11. Староста өз міндеттерін тиісті деңгейде орындамаған жағдайда студенттердің бастама-сымен қайта сайлануы мүмкін.

4.12. Старостат төрағасы Старостат шешімімен қайта сайланады.

4.13. Тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары Старостат жұмысына жалпы бақылау жасайды.

4.15. Старостат отырыстары тәрбие бөлімімен келісім бойынша айына 1 рет немесе қажет болған жағдайда жиі өткізіледі.

V. СТАРОСТАТТЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Топ старосталарының негізгі функциялары:

5.1. Студенттердің сабаққа қатысу есебін жүргізу;

5.2. Апта сайын сабақтан себепсіз қалған студенттер туралы ақпаратты тәрбие бөліміне тапсыру;

5.3. Тәрбие бөлімімен, кураторлармен және басқа старосталармен бірлесе топтың оқу-тәрбие өмірін жақсартуға ықпал ету;

5.4. Тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары мен бөлім меңгерушілерінің тапсырмаларын орындау;

5.5. Старостат отырыстарына қатысып, топ студенттерін оның шешімдерімен таныстыру;

5.6. Старостат шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;

- 5.7. Оқу үдерісін жетілдіруге ұсыныстар енгізу;
5.8. Топтың қызығушылықтарын анықтап, оларды жүзеге асыруға бастамашылық ету;
5.9. Тәртіп бұзушылар мен сабақтан қалған студенттерге қатысты мәселелерді талқылау және шешім қабылдау;
5.10. Білім беру және тәрбие үдерісінің сапасын жақсартуға бағытталған ұсыныстарды қарау.

VI. СТАРОСТАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Старостат келесі құқықтарға ие:

- 6.1. Қажетті материалдар, мәліметтер және құжаттарды колледждің студенттері мен қызметкерлерінен талап ету;
6.2. Өз жұмысының мазмұнын және нысандарын өз бетінше анықтау;
6.3. Тәртіп бұзған студенттерге қатысты шаралар қабылдау немесе әкімшілікке жүгіну.

VII. СТАРОСТАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ

Старостат келесі міндеттерді орындайды:

- 7.1. ҚР заңнамасын, колледж Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және осы Ережені мүлтіксіз орындау;
7.2. Осы Ережеде көрсетілген мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асуына жәрдемдесу.

VIII. МАРАПАТТАУ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ШАРАЛАРЫ

8.1. Белсенді және сапалы жұмыс үшін Старостат мүшелері келесі түрде марапатталуы мүмкін:

- алғыс жариялау;
- мақтау қағазы немесе бағалы сыйлықпен марапаттау;
- ақшалай сыйақы.

8.2. Міндеттерін орындамаған жағдайда старостаға келесі тәртіптік шаралар қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- староста қызметінен босату.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәрбие бөлімінің немесе Старостат мүшелерінің кемінде үштен төртінің бастамасымен жүзеге асырылады. Мәселе ашық тікелей дауыс беру арқылы қарапайым көпшілікпен шешіледі.